

С.Сейфуллиннің 125 жылдығына арналған «Сейфуллин оқулары – 15: Жастар, ғылым, технологиялар: жаңа идеялар мен перспективалар» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференциясының материалдары = Материалы Международной научно-теоретической конференции «Сейфуллинские чтения – 15: Молодежь, наука, технологии – новые идеи и перспективы», приуроченной к 125-летию С.Сейфуллина. - 2019. - Т.II, Ч 1 - Б.71-72

ТЕКТІЛІК ЖЕТІ АТАНЫ ТАНЫП-БІЛУДЕН БАСТАЛАДЫ

Даумчар А.

Әлем халықтарының салт-саналарымен салыстырғанда ұлттық мәдениетімізде мақтанышпен айтатын қасиетті дәстүрлеріміз баршылық. Соның бірі – ата-бабамыздан жалғасқан, бүгінгі күндегі озық медицинаның дәлелдеуінен өткен жеті аталық ұстаным, жеті атаға толмай қыз алыспайтын қазақи шежірелік жүйе. Ол – қазақ халқының дәстүрлі салт-санасында ата-тектің жалғасуын реттейтін қасиет. Осыған байланысты ежелден бері қазақ халқында өзінің жеті атасын білуі әрбір азаматтың борышы болып саналады. Сонымен бірге бұл – ата-ана үшін отбасылық үлгі-өнегенің әліппесі. Тек ата-анасынан жастай айырылған жетімдер ғана мұндай тәрбиеден мақұрым қалатын. «Жеті атасын білмеген жетімдіктің белгісі» деген сөз де осыдан шыққан болса керек.

Қазіргі заманда тектану ғылымы қарыштап дамып келеді. Біздің ата-бабаларымыздың ұстанымының дұрыстығын ғылыми тұрғыдан дәлелденіп, олардың даналығына, көрегендігіне тәнті болып отырмыз. Ғылым тілімен түсіндіретін болсақ, генетика – (грек тілінде) шығу, пайда болу, тек дегенді білдіреді. Генетика – бүкіл тірі организмдерге тән тұқым қуалаушылық пен өзгергіштікті зерттейтін биология ғылымының бір саласы, барлық тірі организмге тән, екі қасиетті – тұқым қуалаушылық пен өзгешелікті зерттейтін биология ғылымының негізгі бір саласы. Осы генетика ғылымы пайда болмай тұрып біздің ата-бабамыз ата-текті ажырата білген, тек арқылы тұқым қуалаушылықты «жеті ата жүйесі» – арқылы қалыптастырған.

Сонымен, ата-бабамыздың ұғымында, тектілік деген – адал некеден туған, жеті атаға дейін қыз алмау дәстүрін бұзбаған адамдар. Оның арғы жағында, тереңінде тектілікті, генефондты қалай сақтау керек, оның түрлі ғылыми, мәдени астарлары, негіздері жатыр. Демек, қазақ халқы тұтастай текті деп айтуға да болады. Егер ХХІ ғасырға атажұрттағысы бар, шетелдегісі бар 16 млн қазақ аман-есен жеткен болса, онда сол 16 млн қазақтың барлығы да текті. Біреулер айтып жүргендей ата-бабасының бай, батыр, би, шешен, хан болуы тектілік дегенді білдірмейді. Тарихтың түрлі қиындықтарын басынан өткеріп, талай зобалаңды басынан кешірсе де, осында қалса да генефондын сақтап қалған қазақтың әрбір ұрпағы текті. Әрбір отбасы текті.

Ұрпағына жеті атасын үйретудің қандастық жағынан алғанда үлгі боларлық зор қызметі мен маңызын халқымыз ерте түсінген және оны берік

ұстанып келеді. Ал осы құнды жаңалықтар мен ақпараттарды ерте заманда-ақ болжап біліп, үнемі назарында ұстап, жүзеге асырған ата-бабаларымыздың даналығы қайран қалдырады. Дана қазақ, дара қазақ, текті халық!

Бір өкініштісі, кейінгі кезде жас ұрпақ жеті атаға аса мән бермейтін болып бара жатыр. Қазақ халқы өте ақылды, тапқыр халық. Себебі, туыс адамдардың арасында неке қиылса, болашақ ұрпақтарында түрлі аурулар болатынын алдын-ала болжап білген. Сондықтан осындай жүйені құрастырған. Сонымен қатар, өзінің қайдан, кімнен тарағаныңды білген аса бір құрмет емес пе? Сондықтан, «Тілі жоқтың тегі жоқ, Тегі жоқтың елі жоқ», – демекші, жас ұрпақ, өз еліңді руыңды, ата-бабаңды біліп жүргенің абзал.

Әдебиеттер тізімі

1. Кенжеахметұлы С. «Жеті атаны білуіміз керек». «Ана тілі» газеті, 13-қаңтар 2011 жыл.

2. Жақыпұлы Д. «Жеті ата және шежіре», Шыңжаң қоғамдық ғылымдары журналы.

3. Ергөбек Қ. «Жазулы хатқа айналған қария», «Солтүстік Қазақстан» 2010, 5 б.

4. Интернет көздері: <http://asyl-bilim.kz>, <http://zhebe.com/index.php>

5. Rezuanova G. K., Tuksaitova, Albekova, Muratbekova, Omarova. Management of students philologists professional competence formation// International Journal of Academic Research Part B; 2014; 6(6), 541-536. DOI: 10.7813/2075-4124.2014/6-6/B.79

Амангелді А.А., ф.ғ.к., аға оқытушы